

егемен

Азатстан

### Саясат пен парасат

Әлемдегі бес мыңнан астам ұлт пен ұлыстың жүз тоқсан екісі ғана тәуелсіз болып, мемлекеттік деңгейге жетті. Соның бір де бірегейі – Тәуелсіз Қазақстан! Қасиетті қара жерді жаратқан, күмбездей көк аспанды шегесіз орнатқан күдіреті күшті, мейірім-шапағаты мол Алла Тағаланың қазақ халқына сыйлаған ерекше екі бақыты бар. Оның бірі – ата-бабаларымыз, ақ жаулықты асыл аналарымы ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздік, екіншісі – Тәуелсіздіктің көк байрағын нық ұстап, халықты «Нұрлы жолмен» «Мәңгілік Елге» – бақытты болашаққа бастап келе жатқан Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев! Өзін ойлаған – құлқынның құлы, халқын ойлаған – ұлы. Нұрсұлтан – ұлт бағына туған тұлға! Оның тұлғалығын бізден бұрын да сырт көз сыншылар танып қойған. Қара қылды қақ жарып, әділін айтатын халықаралық сарапшылар Назарбаевты әлемдік саясаттың серкелері – кешегі Франклин Делано Рузвельт, Мұстафа Кемал Ататүрік, Махатма Ганди, Шарль де Голл, бүгінгі Ли Куан Юмен, Махатхир Мохаммадпен, Барак Обамамен қатар қояды. Бұл жалаңаш сөз, жалпылай мадақ емес, оған ол зәру де емес. Бұл ой-пікіріміздің ажарын ашып, айқындайтын мың мысал, дәлел, деректің бірер мысқалын ғана айталық. Бағзыдан қалыптасқан мемлекетті басқару да оңай емес. Быт-шыты шыққан қирандының орнынан жаңа мемлекет құрып, қалыптастыру – инемен құдық қазғанмен, тақыр шөлейт жерді Жиделібайсынға айналдырумен тең. Жаңа тұрпатты мемлекетті құрған Нұрсұлтан Әбішұлының өз сөзімен айтсақ: «Ел болудың, мемлекет болудың жөн-жобасын көрсетіп, көмекке келген ешкім болған жоқ. Біз бәрін де тыңнан бастап, халқымызбен бірге қалыптастырдық. Жоқтан бар жасадық, барды берекеге айналдырдық. Сол ырысты өсу мен өркендеудің негізі етіп алдық». Осы тұста Қазақстан дамуының өзіндік моделі туралы Президент сөзі ойға оралып тұр: «Біз — алыс сапарға бел буып, кемемізді тәуекел дариясына түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратын кемеміздің тұғырына ту етіп байлаған елміз». «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» деп аталған Жолдау мемлекеттік идеяның түп қазығы – біздің жалпыұлттық аңсарлы бастау алатынын жан-жақты ашып көрсетуге бағытталды. «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 10 нақты кадам – Ұлт жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды», деген сөз жалаң ұран емес». Елбасының өзі таңдап, талғап алған бұл бағдаршам бағыт еліміз үшін адастырмас ақжұлдызға айналды. Бұл стратегияның кең пішілген кемел ойлы тактикасы да бар. Осыған орай Президент былай деп жазды. «Уақыт бізді таңдады! Біз сол уақытқа өзіміздің мемлекеттік мөріміз – тәуелсіз Қазақстанның атын жаздық. Өйткені, біз жаңаша армандауды, жаңаша жол табуды үйрендік. Ел мен қоғамды дамытудың нақты міндеттерін алға қоюды үйрендік. Біз үйрене отырып, үлгілі жолға түстік. Бұл жол – енді біздің жол, Қазақстан жолы. Осылайша, Тәуелсіздіктің 25-жылына қазақстандық жаңа арманмен аяқ бастық. Оның басты мақсаты – «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудан толық көрінетін болады. Осы ғасырдың ортасына қарай біз Қазақстанның әлемдегі

аса дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруін межелеп отырмыз. Бұл – қазақстандық арман. Аңсарлы арманды абыроймен орындау жолында туған еліміздің бірлік пен ынтымақ танытып, жұмыла еңбек етуі – барлық жеңістеріміздің алтын тұғыры болып, абыройлы биігіне айналмақ». Ғасыр мен ғарышты қатар игеріп келе жатқан Тәуелсіз Қазақстан «Нұрлы жолмен» «Мәңгілік Елге» нық сеніммен аршындап барады! Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр! Тарих үшін қас-қағымдай ғана қысқа уақытта Қазақстан ғасырларға тең таңғажайып табыстарға жеткенін бүкіл әлем көріп, таңдайлары тақылдап таң қалып отыр. Елдің бәріне белгілі жайларды тізбелеп жатпай-ақ, Төраға болып төрге озып, Астана Саммитін өткізгенімізді, Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүше болғанымызды айтсақ та жеткілікті. Қазақ халқы бүгінде бұрын үш ұйықтаса түсіне кірмеген бақытқа кенеліп отыр.

Осының бәрі алдағыны көретін, алысты болжайтын кемел ойлы кеменгер Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дана да дара, саликалы, сарабдал, парасатты саясатының жемісі.

### **Тұмарлы жер, тұғырлы ел**

«Адам – жердің мүлкі», депті үндістердің көсемі Сиэтл – АҚШ президенті Франклин Пирске 1855 жылы жазған хатында – Вашингтондағы үлкен кісі. Сіз біздің жерімізді сатып алу жайлы айтыпсыз. Ал оныңыз біздің көкейімізге қонбайды. Аспан аясын, жер жылуын сату, сатып алу мүмкін бе екен?! Жердің жібек желі, өзен-көлдің ажар-реңі біздің меншікті мүлкіміз емес, оны бізден сатып алу деген не сөз? Бұл жердің әрбір төмпешігі біздің халық үшін аса қадірлі. Орман-тоғайымыздың әрбір жапырағы, өзен-көл жағасының әрбір құм-қиыршығы, әрбір ағашымыздың бойындағы шырын сол қызылтәнді адам атаулыға қасиетті нәр... «Адам – өмірдің өрнегін тоқушы емес, ол – сол өрнектің бір тал жібі ғана. Өрнектің сәнін бұзғаны – өмірінің сәнін бұзғаны. Біз: жер – адамның мүлкі емес, адам – жердің мүлкі деп білеміз. Біз: дүние біртұтас, бір атаның баласындай қаны бір, жаны бір деп білеміз. Жеріміздегі қызылтәнді ақырғы адам көз жұмып, аруағы аспан әлеміндегі ақша бұлтқа айналып кетсе де, халқымыздың өлмес, өшпес рухы орман-тоғайымызда, өзен-көлімізде мәңгі-бақи өмір сүреді. Себебі: бұл жер – менің халқыма, яғни бөбегіне жүрегі елжірей еміренетін ана!» Сен бұл жерді түптің түбінде сатып алар болсаң, оны бізше сүйе біл. Оны бізше аялай біл. Оны есіңнен бір сәт шығара көрме. Оны балаларыңның бесігі деп біліп, бүкіл жан-жүрегіңмен аяла, қорға, сақта, құдайдың бізді сүйгеніндей мейіріммен сүй! Үндістердің көсемі Сиэтлдің сиямен емес, жүрек қанымен, жан-тәнімен, ділімен жазылған хаты – адамзатқа айтылған өсиет. Бұл – бүгінге ғана емес, ертеңге де керек сөз! Жер – тіріде төрің, өлгенде – көрің. Жерсіз елдің де, ердің де күні қараң. Жерсіз өмір жоқ! Мұны бір кісідей білетің Елбасы «Ұлы Даланың ұлағаттары» атты кітабының «Ел мен Ер, ер мен жер» атты бөлімінде: «Жерден асқан байлық жоқ: жер болса – ел болады, ел болса – ер болады» деп аса саликалы, қорғасындай салмақты айтқан болатын. Осы тұста Елбасының тағы бір сөзі қалам ұшына оралып тұр: «Ел мен жердің қасиеті мен киесі – ұлы жәдігер. Ұлттық байлық, ұлттық ұлағат.

Тілімізде «жер тағдыры – ел тағдыры» деген сөз бар. Өйткені, жердің тарихы, оның тағдыры әрбір адамның да өмірбаяны, ащылы-тұщылы ғұмырнамасы секілді. Біз осы жерде өмірге келдік, ұлт болып ұйыдық, халық болып қалыптастық. Хан көтеріп, қатарға кірдік, мемлекет болып мерейімізді өсірдік». Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі мен ісінің арасында айырма болған емес. Халықты дүрліктірген жер жайлы түйткілдер, күмән мен тұман – Президенттің қатесі емес, биліктің биік баспалдағында жүрген кейбір төрешіл басшылардың қатесі. Нұрсұлтан Әбішұлы сол солақайлыққа соққы бере отырып, дер кезінде шұғыл шешім қабылдады. Сөйтіп, Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған нормаларына 2017 жылға дейін тоқтау салды. Бұл жолы да қиын түйінді Президент өзіне тән даналықпен шешті. Иә, Нұрсұлтан Әбішұлының сөзімен айтсақ: «Туған еліңнің тұтастығы мен бірлігі жолындағы халықтың ой-пікірлері қашанда қостауға, терең түсіністік танытуға лайық».

### **Ұлттың ұлы қазынасы**

Өнер – ұлттың ұлы қазынасы. Өнерсіз – өмір айсыз түн. Ғылыми жұмысын бүгінгі күндері де сәтті жалғастырып жүрген атақты физик, Нобель сыйлығының лауреаты Жорес Алферов: «Физика ғылымын дамыту үшін орта мектептерде әдебиет пәні сабағын арттыру керек», деп жазды. Осы тұста әлемдік деңгейдегі ұлы ақын Олжас Сүлейменовтің ана бір жылы ел газеті «Егеменде» жарияланған: «Шекспирі жоқ елде Ньютон да тумайды» деген қанатты сөзі ойға оралып тұр. Ғалым мен ақын ойының үндестігі тегін емес. Мұның терең сыры мәртебелі өнердің киесі мен иесінде болар, бәлкім?! Елбасы: «Талантсыз халық болмайды. Кез келген өнерді меңгерген адам өзгелерден өзгешелеу болып тұрады. Ал көп өнерді меңгерген адам қоғамның құрметінде, халықтың алақанында болады», – дей келіп әкелік қамқор көңілмен әркез есте жүрер ескерту де айтыпты. Сақтыққа шақырған сол сақа сөз мынау: «Талант – көне грек еліндегі салмақ өлшемі. Демек, таланттың да өз салмағы бар. Оның салмағын бойындағы дарының, ойыңдағы танымың, жүректегі жарығың өлшей алады. Шын талант күншілдіктің ауылынан алыс болады...», дейді. Алайда, оның қорғанышы қылаудай ғана. «Талантқа көмектесу керек, дарынсыздар өзі де жол табады» деген тәмсіл содан қалған. Сондықтан дарындыға жақтас болу керек. Шын таланттың шындығы шымыр, соған сүйен. Өсекшінің әр сөзі қыңыр, одан бойынды аулақ сал. Өсекшінің сөзі өртемесе де, күйе жағады. Содан сақ болғайсың». Талантты тәңірі береді. Сол тәңір берген талантты құрметтеудің үлгісін көрсетіп келеді біздің еліміз. Соған көп дәлелдің бірі – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын кезеңнің өзінде Мемлекет басшысының пәрменімен тағайындалған Президент және үкімет степендияларын зиялы қауымның жүз өкілі – әдебиет пен өнер қайраткерлері 23 жыл бойы үздіксіз алып келеді. Кітаптарымыз Мемлекеттік тапсырыспен шығып, мерейтойларымыз жоғары деңгейде өтіп жатыр. Көрші елдердегі қаламдастарымыз мұндай қамқорлыққа бөленбек түгіл мерейтойларын өткізуге қатаң тыйым салынғандығын өкінішпен айтады. Олар: «Назарбаевтай Президенттерің бар сендер қандай бақыттысыздар» деп бізге

қызыға қарайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тағы бір тағылымды сөзі ойға оралып тұр: мемлекеттің рухани-мәдени дамуы оның болашағына жарқын жол ашады. Мемлекет те – өнердің қолдаушысы. Өйткені, өнердің өрісі кең, өнерлі халықтың өркені ұзақ. Халықтың бай мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен ғылымын дамыту, салт-дәстүрін құрметтеу, оны жаңа заман талабына сай өркендетіп отыру – мемлекеттік саясаттың ең маңыздысы. Ендеше, өнер – халықтың сарқылмайтын рухани қазынасы. Тәуелсіздік алған жылдары халықтың тұрмыс-тірлігінде көптеген қиыншылықтар болды. Көп нәрсе жетпей жатты. Бірақ, соған қарамастан, мемлекетіміз азаттықтың алғашқы жылдарынан бастап ел мәдениетіне қолдау көрсетудің сындарлы бағдарламасын жасап, руханияттың шеттеп қалмауына барынша жол ашудың бағытын ұстанды. «Ораза, намаз – тоқтықта» деген сөз бар. Бірақ бұл сөзді уақытша қиындықтан қашудың амалы деп қабылдауға болмайды. Егер өз мақсатыңды жан-жақты түсінсең, қайта қиын кезде қайраттан, тар кезде тәуекел ет. Сонда жан дүниен жарасымын табады», деп жазды. Бұл «өнердің еңсесі биік, бәсі бағалы екенін бала кезден сезініп өскен» көреген көсемге лайық сөз! Сол сөздің үдесінен шығып келеді Елбасы. Оған жыл сайын лайықтыларға, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы, екі жылда бір рет отандық озық туындыларға Мемлекеттік сыйлық беріліп келе жатқандығы айқын айғақ. Елбасы атап айтқандай: «Өнер – ұлттың рухани келбеті. Мемлекеттің мәртебесі мен мерейінің шынайы көрінісі. Өнерлі халықтың өркені де баянды».

### **Ұлының аты – ұлы**

Тарих ұзақ толғатып, сирек туатын ұлылардың бүкіл өмірі – ұлағат. Олардың сөзі де, ісі де ірі. Ұлының аты – ұлы! Олардың арманы да, бақыты да ұлы. Олар өзінің емес, ұлтының, елінің жайын ойлайды. «Елдің бүгіні мен ертеңі туралы ой әркез, қайда жүрсем де бір сәтке де тыныш таптырмайды» депті Елбасы. Осы шынайы сезім, шын сөздің айқын бір көрінісін ұлт бағына туған тұлға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірінен айқын көріп, анық танимыз. Бұған Елбасының: «Менің мұратым – елімнің бүгінгі бейбіт өмірі, ертеңгі нұрлы болашағы. Келер ұрпақтың алғысы мен ризашылығы біздің бүгінгі істеріміздің жарқын нәтижесіне тікелей байланысты. Осы жолда халық бірге болса, қамал аламыз. Осы жолда мақсат ортақ болса, қуатымыз тасып, күш-жігеріміз еселене түседі. Сол жолда мемлекет пен халық мүддесі ұштасып жатса, мәртебелі міндет – осы», деген сөзі айқын айғақ. Ардың жүгі нардың жүгінен де ауыр. Алты атанның өзі де тарта алмас сол аса ауыр жүкті арқалаған Елбасының асыл мұраты – бүгіні бекем елінің келешегі кемел болуы үшін ұлттың айрандай ұйыған бірлігі мен ырысты, келісті ынтымағын сақтай отырып, Мәңгілік Ел орнату. «Біз Ұлы Дала елінің кешегісін бүгінге, бүгінін ертеңге жалғаймыз. Оның ұлы тарихын жаңа дәуірде жарқыратып жаңадан жазамыз. Жаңа ғасыр – үшінші мыңжылдыққа Қазақстанның қолтаңбасын басамыз. Мұратымыз – Мәңгілік Ел! Ақтық демім қалғанша, әл-дәрменім талғанша, халық жүгін көтеруден қашпаймын. Бұл – менің президенттік те, перзенттік те парызым. Қадірінді білер халық болса, одан артық бақыт жоқ. Кеудемде жаным барда халқым менен не күтсе де

көтеремін», депті жазды Елбасы. Жүректен шығып жүрекке жеткен, жан толқытқан ұлы сөз бұл! Ұлылықтың ұлағатты бір белгісі – өзі үшін емес, елі, халқы үшін қуану. Соған айғақ болар анық сөз мынау: «1991 жылдың желтоқсан айының әр күні, әр таңы менің жадымда жаңғырып, сол кезде кеудені кернеген шаттық пен салтанат жанымды әлі күнге тербеп келеді. Сол күні, бір жағынан – жаңа туған сәбидей, бір жағынан – ғасыр жасаған қариядай күйде болғаным есімде. Шынайы бақыт сезімін бастан кешіп, шалқар шаттыққа бөлендім. Жеке басыңның қуанышы мен бақыты бір бөлек те, туған халқыңның қуанышы мен бақыты мүлде басқа екенін сол жолы ерекше түсіндім. Тебірендім, толқыдым. Бабалар аманатын орындау бақыты, елді ертеңгі күніне бастау парызы менің маңдайыма жазылғанын Жаратушының ерекше сыйы, айрықша мүмкіндігі деп түсінемін. Бәлкім, тарихтың таңдауы, халықтың қолдауы деген жөн болар?!» Біз ұққан тұлғалылықтың бір қыры осы. Бұл Елбасының жүрегін жарып шыққан ұлы сөз, біз үшін алтыннан қымбат асыл сөз! Нұрсұлтан Назарбаев мұны сөзімен ғана емес, әлем мойындаған ерен ерліктерімен де дәлелдеп келеді. Жакында Парламент қабылдаған саяси, тарихи құжат – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы Декларациясында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігі мен жасампаздығына жоғары баға берілді. Біз – сол жоғары бағаны қуана қостаған көптің біріміз. «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел (қазіргі Астана қаласы) – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш-Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау», деп жазыпты Әлихан Бөкейханов «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласында. Ұлт бағына туған тұлға Нұрсұлтан Назарбаев – ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов арманын жүзеге асырған кемел ойлы кеменгер. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі мен ісі – даналық даңғылы, адастырмас ақ жұлдыз!

Сәбит ДОСАНОВ, жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Махмұд Қашқари атындағы «Түркі әлеміне сіңірген аса зор еңбегі үшін» Халықаралық сыйлықтың лауреаты